

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 03 (544) 26 наурыз 2024 жылы

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Бүгін университетімізде ақын, философ, күллі түркі әлеміне танымал тұлға Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толуына орай «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Конференцияның мақсаты – Орта Азия қала берді күллі түркі әлеміне танылған Қожа Ахмет Ясауи мұрасын зерттеп-зерделеу, осы конференция аясында отандық және шетелдік ғалымдардың ізденістерін бір арнаға тоғыстыру, сондай-ақ тұлғаның даналық хикметтері мен өсиеттерін оқу жүйесіне енгізуді басшылыққа алу. Орта ғасырда қалыптасқан ағартушылық қызмет пен рухани танымдық мұралардың құндылықтарын ашып көрсету.

ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Университетімізде Түркия Республиканың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Мустафа Капужумен кездесу өтті.

Кездесуге университет ректоры Жанар Темірбекова, ректор өкілі Пейами Баттал, ОПҚ және студенттер қатысты.

Елші екі ел арасындағы қарым-қатынас жайында сөз қозғады. Тарих қойнауынан бастауалғандостығымыздың күн өткен сайын нығая түскендігін тілге тиек етті.

Университетіміздің ректоры Жанар Темірбекова және ректор өкілі Пейами Баттал университетімізге арнайы ат басын бұрып келген қадірменді қонағымызға университет ұжымының атынан алғыс айтты. Алдағы уақытта да шәкірттер үшін пайдалы болар бұл кездесулер жалғасын табады деген сенім білдірді.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР ЖӘНЕ СҮЙІКТІ СТУДЕНТТЕР!

Баршаңызға Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мейрамы құтты болсын!

Әз-Наурыз - жаңа жыл мен жақсылықтың жаршысы болған, жер бетін әсемдікке, көңілдерді ізгі ниет пен тілекке толтыратын ұлық мереке!

Наурыз - күн мен түн теңеліп, қыстың көбесі сөгіліп, тіршілік атаулыға жан бітетін, Табиғат-Ана жаңаратын уақыт!

Наурыз – барша түркі халықтарына тарихынан сыр шертіп, достық пен еркіндікті дәріптейтін мейрам!

Наурыз - ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын сәт!

Ендеше, төрлет, құт дарытатын Ұлыстың Ұлы күні! Ақ мол, жыл ырысты болсын! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін!

*Құрметпен,
Ректор Жанар Темірбекова*

ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ ТЕЛЕСКОП ЖАСАП ШЫҒАРДЫ

Ахмет Ясауи университетінің ғалымдары «STEM және креативтілік» оқу-зертханасында 3D-принтерлер мен басқа да жабдықтардың көмегімен телескоп жасап шығарды.

Құрылғы оқу орны ғалымдары іске асырып жатқан «Инженерлік-техникалық салаларда STEAM білім беру негізінде студенттерді ағылшын тілінде даярлау үдерісін дамыту» гранттық жоба аясында әзірленді. Зерттеу тобы құрамында: жоба жетекшісі – Физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD Шерзод Раманкулов, PhD Бақытжан Курбанбеков, магистр оқытушылар Серік Полатұлы, Нұрқожа Жақсылық, докторант Қажымұқан Келесбаев, магистрант Яхә Каримжанов және т.б. жас ғалымдар бар.

Зерттеушілер жасап шығарған телескоптың жұмыс істеу принципі мен құрылысына сәйкес бөлшектері толық 3D-принтерлерде басып шығарылды. Ғалымдар телескопты студенттермен бірге тексеруден өткізді. Айдың анық кескіні мен айдың бізге көрінетін бөлігіндегі қара дақтар суретке алынды.

Сонымен қатар, «STEM және креативтілік» оқу-зертханасында баламалы энергия көздері саласындағы білім берудің тиімділігін арттыру мақсатында бірнеше STEM стендтері іске қосылды. Күн және жел энергиясының физикалық сипаттамаларын зерделеуге мүмкіндік беретін стендтер оқу үдерісіне ендіріліп, апробация-

дан өтті. Арзан және қол жетімді түрде құрастырылған бұл стендтерде бірнеше зертханалық жұмыстарды орындауға болады.

Жобаны іске асыру барысында алынған нәтижелер өнеркәсіптік революцияның білім беру жүйелеріне оң



әсерін тигізеді, сондай-ақ әлемдік деңгейдегі өзге де өзекті мәселелердің шешімін іздеуге мүмкіндік береді.

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



«ЯСАУИ МҰРАСЫНЫҢ ТҮРКІ ЕЛІНДЕ НАСИХАТТАЛУЫ»


Қожа Ахмет Ясауидің бізге жеткен мұраларының ішінде халықтың жүрегіне жақыны да, құндысы да-Диуани хикмет. Қожа Ахмет Ясауидің басты шығармасы «Диуани Хикметтің» бірінші шумағында: «Екінші дәптер сөзін аштым, міне», -деп басталады. «Екінші дәптердің» негізгі мағынасы-рух, рухани әлем. Ондағы басты тақырып-Ұлық Аллаға ғашықтық. Алланы мадақтау, тәкбір айту, тәсбих тарту, пайғамбарға салауат жолдау арқылы ғана құдайға жетуге болатынын айтады. Хикметтер адамды жаман қылықтардан тиылып, көркем мінезді болуға, рухани тәрбиені түзетуге үндейді. Сондықтан да, Хикметтер

халық арасында ауызша айтылумен қатар, көркем жазумен жазылып, жазбаша түрде де сақталған. Диуани хикметтің түпнұсқасы сақталмаған. Қазіргі таңдағы белгілі ең көне қолжазба Ахмад Махмуд Хазинидің 1593-94 жазылған «Жавахирул Абрар мин амуажи бихар» атты шығармасында келтірілген «Диуани Хикмет» болып табылады. Бертін келе «Диуани Хикмет» Қазан (1887-1901), Ыстамбұл (1901), Ташкент (1902-1911) баспаларынан жарық көрген. «Төрт мың төрт жүз хикмет Хакдің фермән» деп жырлаған Ясауидің даналық сөздері әлі күнге дейін толық жинақталып, жарық көрген жоқ. Бүгінде ғылыми айналымда

жүрген хикметтерінің саны екі жүздің шамасы ғана. XX ғасырдың басына дейін Қазанда тасбаспа күйінде жарық көрген «Диуани Хикметтердің» жалпы көлемі, шамамен, 150-160 даналық сөзден тұрады. Кейінгі табылған қолжазбалардың нәтижесінде ғана баба мұрасы екі жүздің үстіне шықты. Десек те, бұл соңғы нәтиже болмауы керек. Себебі Қожа Ахмет Ясауи хикметтердің бәрі дерлік толық зерделеніп болған жоқ. Әлі де әлем кітапханаларының қолжазба қорларында мамандардың зертханасына түспей, шаң басып жатқан даналық сөздер қаншама. Кейінгі шәкірттері тарапынан «Диуани Хикметтің» көшірмелері жан-жаққа тарағаны белгілі. Әрі ортағасырлық жиһанкездер мен кейінгі миссионерлердің де құнды мұралары өздерімен бірге ала кеткені тағы бар.

Ахмет Ясауи хикметтерінің негізі, философияның бастауы-адам. «Кемел адам» болу үшін қажетті білімді игеру керек. Адам бойында болуы керек қасиеттерге парасаттылық пен қарапайымдылықты жатқызады. Ал менмендік, өркөкіректік

секілді қасиеттер адамшылықтан алыстатады деп түсінеді. Ұлттық дүниетанымымыздың қалыптасуында Ясауидің хал-хикмет ілімі жетекші рөл атқарған болса, оның «Диуани хикмет» қазақтар арасында жазбаша да, ауызша да тарады. Әйтсе де соңғысы басымырақ болды. Әрбір отбасындағы жандардың хикметтерді белгілі дәрежеде жатқа білуі Қожа Ахмет Ясауидің халық жүрегінің төрінен орын алуына жол ашты. Жатқа айтылу нәтижесінде Ясауи хикметтері фольклорлық шығармаларға зор ықпал етті. Соның жарқын мысалын қазақ жоқтауларынан көруге болады.



А. Ясауи хикметтері арқылы жеті принципін жеткізген:

1. Аллаһқа деген махаббат
2. Ықылас пен шынайылық
3. Адамға деген сүйіспеншілік
4. Кішіпейілділік
5. Әйел мен еркек теңдігі
6. Еңбекті бағалау
7. Ілім мәселесі

Менің ойымша, Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның өмірде алатын орнын оның ішкі жан-дүниесінің тазалығымен өлшейді. Міне, Қожа Ахмет Ясауидің хикметінің тәрбиелік құрал болуы да сондықтан.

Ақын Жұпар ДОСЫМҚЫЗЫ,
1-курс студенті

ҰМЫТЫЛМАС ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР ҰРПАҚ ЕСІНДЕ

Қай ғасырға, қай заманға қарасақ та қазақтың тарихына үңілсек, рухты халықтың аңсаған арманы еркіндік. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ еркіндікке жету үшін қаншама қайғы қасіретті басынан өткерді. Сонау 1465 жылы Керей мен Жәнібек хандар құрған алғашқы Қазақ хандығы, күні бүгінгі тәуелсіз, бейбіт мемлекет. Жалпы тарихымызда ел билеген қаншама хандар болғаны белгілі. Ең әуелі Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек хандар. Хандықтың дамушы тарихына орасан зор үлес қосқан Абылай хан, Әбілқайыр хан, Қасым, Бұрындық сынды біршама хандар бар. Алайда XIX ғасырға дейінгі ел билеген хандардың барлығының басты мақсаты, Қазақ жерінің территориясын кеңейтіп сыртқы жаулардан қорғану болғандығын байқаймыз. Яғни XIX ғасырға дейін Қазақ хандығында ұлт деген ұғым болмаған.

Ұлт деген ұғымды алғаш рет қалыптастырған Алаш ордалықтар. Алаш Орда (1917-1920) - Ақпан мен Қазан төңкерістерінен соң

аямасын біле тұра, құруға шақ қалған халқының мұңын арқалап, сол халықты біртұтас ел ету мақсатында әрекет етті. Міржақып атамизды рухын сындыру үшін тар қапасаға екі апта қамайды. Ол жерден адам 2 аптаға жетпей жынданып кез келген айыпты арқалауға дайын күйде шығатын. Алайда Міржақып атамиз тар қапаста 18 ай бойы есін жоғалтпай тұрған. Осының өзі Міржақып атамиздың қандай рухты тұлға екенінің айқын дәлелі емес пе. Алайда советтіктердің арам айласы ешкімді айналып өтпеді. Міржақып атамизды жазықсыз ату жазасына кесті. Өділдікті көре тұра жазықсыз жандарды құрбан етуі, түпкі мақсатының қазақты түбегейлі жою екені, айуандық болмай немене. Осындай алпауыт мемлекеттің жоспарына тосқауыл болу адам сенгісіз, бірақ шындық. Қазақ үшін қызмет етіп қазақ үшін құрбан болған асылдардың арманы орындалды, еңбектері ақталды. 1988 жылы Міржақып Дулатұлы толығымен ақталды. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алды. Шынында ойлап қарасақ, біздің



1917 жылы желтоқсанның 13 құрылған қазақ Алаш автономиясының үкіметі.

Алаш Орда дегенде күдіксіз ойымызға Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов елестейтіні анық. Қазақты қазақ етіп, ұлт ретінде сақтап қалған тұлғалар десек, артық айтқандық емес. Сонау 1931 жылғы ашаршылықта анасы емізулі баласын тойдыра алмай безген заманда, ұлт мүддесі үшін күресу сөзсіз ерлік. Қазақтың тарихында еркіндік аңсап, ұлт үшін қызмет еткендердің бәрі ғажап өмір сүрмеген. Қудалау, түрмеге жабу, ату жазасы сынды қуғынға ұшыраған. Солардың бірі "Оян қазақ" деп ұрандаған Міржақып Дулатұлы. Қабағынан қар жауған Кеңес үкіметінің қарсы тұрғанды

тәуелсіздік жолымызда қаншама қан да, тер де төгілді. Тәуелсіздік бізге қасіретпен, қанмен келген ұлы жеңіс. Ата бабамыздың көре алмай кеткен еркіндігін, мына біздер еш қиындықсыз бейбіт елде көріп жатырмыз. Бұл жеңіс біздің емес, құрбан болған боздақтардың жеңісі. Бейбіт күнде өмір сүріп, тәуелсіздік үшін жан берген ұлы тұлғаларды ұмытар болсақ, бізден нашар ұрпақ болмас. Тарихын білмегеннің болашағы жоқ. Теңдігімізді жанымен алған тұлғалар, әр адамның өз тарихындай жатталуы керек!

Қасиет ӨМІРБЕК,
1-курс студенті

ЖАЛЫНДЫ ЖАС- ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ИЕСІ

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты
Қырандай күшті қанатты.

Мен жастарға сенемін! - деп, Мағжан Жұмабаев атамиз айтқандай, ел болашағы білімді жастардың қолында. Сол жастарымыз кімдер? Жастар дегеніміз кез-келген елдің болашағы. Бүгінгі жас ертенгі ел тізгінін ұстайтын ұлы тұлға. Сан ғасырларды кері шегіндірген, таңбасы таста, қаны қара жердің астында қалған аға буындардың ізбасарлары. Ізгілік пен іздестікті бойына тұмар қылған, қай заманда болсын мемлекетіміздің қорғаны да қозғаушы күші де болады.

Кез-келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпақпен байланыстырады. Алдағы уақытта Тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп әлем сахнасында желбіреген көк туымызды көкке көтереміз. Қазақстанды еңселі елдің қатарына енгізу біз сияқты жалынды жастардың қолында. Осындай күш қайратымызды, жалындаған жас жігерімізді еңселі еліміздің дамуына арнауымыз керек. «Жаста оқыған оқуың тасқа жазылғанмен бірдей. Егде тартқанда оқыған оқуың мұзға жазылғанмен бірдей» - деп дана халқымыз айтқандай, білім мен өнер біздің болашағымыздың жарқын кепілі.

Мемлекетімізді саялы бәйтерек десек қазірден бастап білім нәрімен сусындап, сол саялы бәйтеректі одан әрі мәуелететіндей білім жинайық. Әр азамат өз отанын жанындай сүйіп, танып, оған табынып өсуі қажет. Сонда ғана жас ұрпақ бойына патриоттық сезім ұялап келешегіміз кемелдене түспек. Ұшқанда құс болып әуеде самғайтын қанша биік самғаса да, қанаты талмайтын



жалынды жас болайық. Мен де еліміздің дамуына теңізге тамған тамшыдай болса да өз үлесімді қосқым келеді

Зағипа ӨБЕН
4-курс студенті

ҒЫЛЫМ. БІЛІМ

«ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҒЫЛЫМ ТІЛІ:

Ұлытауда өткен I Ұлттық Құрылтайда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Мемлекеттік тіл – тәуелсіздігіміздің символы!» деген іргелі тұғырнамалық саяси мәлімдеме жасаған-ды. Президент жанындағы ҚР Президент жанындағы Ғылым мен технологияларды дамыту жөніндегі Ұлттық кеңестегі ғылыми, ғылыми-технологиялық тәуелсіздік туралы айтылған ойлар ғалымдарға «ҚАЗАҚ ТІЛІ – ғылым тілі болуы керек» деген саяси тұжырымдалық міндет қойып отыр. Бүгінгі басты міндеттердің бірі – ҚАЗАҚ тілінің мемлекеттік мәртебесін толық қамтамасыз ету тетіктері мен жүйелі механизмін жасаудың ғылыми негізін әзірлеу. Егемен ел болып, еңсе тіктегенімізге отыз жылдан асып барады, алайда туған тіліміздің төңірегінде түйткілдер аз емес. Қазақ тілі шын мәнінде ғылым мен технологияның, бизнестің тіліне айналды ма? Елде мемлекет құраушы ұлт өкілдерінің үлесі жетпіс пайызға жетсе де тіліміз толық қолданысқа енбей отыруы себебі неде? Осы және тағы да басқа көп сұрақтардың жауабын іздеу, талдап-талқылау мақсатында Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде «Қазақ тілі – ғылым тілі: дәстүр және инновация» тақырыбында симпозиум өтті.

Пленарлық отырысқа ҚР Ғылым және Жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсен Тәжібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Ұлттық құрылтай мүшесі Дархан Қыдырәлі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басшысы Рауан Кенжеханұлы, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының вице-президенті Асқар Жұмаділдаев, ҚР мәдениет қайраткері Қанат Айтбаев және өзге де зиялы қауым өкілдері, мәдениет қайраткерлері, жоғары оқу орындарының ректорлары, ғалымдар мен оқытушылар, білім беру жүйесінің басшылары, докторанттар, магистранттар және студенттер қатысты. Ғылыми жиын тізгінін университет ректоры Жанар Темірбекова ұстады. Симпозиумда алғашқы құттықтау сөз сөйлеген ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек басқосудың мән-маңызына тоқталды.

– Қазіргі таңда кез келген тіл сақталып қалуы үшін цифрлық технологиялардың әлеуеті болуы керек. Осы тұста министрлік алдында үлкен міндет тұр. Сол себепті алғашқы симпозиумды «Дәстүр және инновация» деп атадық. Біріншіден, дәстүр жағынан қалыптасқан тарихи, орфографиялық, орфоэпиялық мәдени мұрамызды сақтап қалуымыз керек, екінші жағынан біз инновацияны дамытып, өз тілімізде алгоритмді қалыптастырмасақ, ұлттық лингвистикалық жүйеге келтірілген цифрлық форматтағы жүйелерімізді пысықтамасақ онда, шын мәнінде де тіліміздің болашағы мүшкіл. Біз қазіргі таңда күнделікті чат-боттар, SIRI арқылы адам емес, цифрлық тұлғалармен коммуникация құрып жатырмыз. Сондықтан лингвистика саласында жаңа көкжиектер, жаңа тақырыптар ашыла бастады. Осы мүмкіндіктерді қолдана білуіміз керек. Бүгінгі таңда тағы да бір маңызды жаңалық – жасанды интеллект. Соңғы 2 жылда бүкіл әлемде қатты дамып кел жатқан үрдіс. Тілдің жасанды интеллекттің қандай қатысы бар деп ойлайды. Тікелей қатысы бар. Ол кәдімгі адам секілді жаттықтыру арқылы жұмыс өнімділігі артатын дүние. Адам бір салаға оқып-мамандануға ондаған тіпті жиырма шақты жыл уақытын сарп тсе, жасанды интеллект тұтас саланы 2-3 айда игеріп шығады. Тек оның алгоритмі мен бағдарламаларын Тіл саласында лингвистиканы, филологияны бүкіл гуманитарияны осы жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып дамытуымызға болады. Бұрын адам мен адам коммуникацияға түсетін болса, бүгінде технологияның шарықтау шыңында адам мен чат-боттар, цифрлы тұлға арасында коммуникация орнатып, соның жемісін көруімізге мүмкіндік туды. Былайша айтқанда, лингвистика және тіл тау бағытында мүмкіндіктерге ие жаңа көкжиектер ашылууда. Осы мүмкіндіктерді ұтымды пайдалана білуіміз керек. Өзіміздің ана тілімізде Саат жрті секілді платформалар құрып, ауқымды Цифрлы тіл моделін жасауымыз керек. Министрлік бұл жұмысқа қомақты қаржы бөліп, бүгінде жұмыс басталды. Жетекші зерттеу университеттерінің математика, IT институттары бұл жұмысты қолға алып жатыр, Назарбаев университеті базасында супер компьютер алынып, жұмыс басталды. Ғылым және жоғары білім министрлігі 3 бағыт бойынша көмек көрсетеді: «Kazakh LLM» (Тілдік үлкен моделі) жасанды интеллект бойынша кадрлар даярлау, сондай-ақ ғылыми органы дамыту үшін НУ университетінде ауқымды міндеттерді шешу үшін суперкомпьютер құрылады, – деді министр.

Ал, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Ұлттық құрылтай мүшесі Дархан Қыдырәлі ҚР Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтің арнайы құттықтау хатын оқып беріп, Алғыс айту күніне орай ауқымды шараны ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді. Симпозиумда сөз алған Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсен Тәжібаев облыс әкімінің атынан келген қонақтарға алғыс білдіріп, бүгінгі шараның Түркістан үшін үлкен мәртебе екен жеткізді.

– Ғылым – елдің барлық бағытта дамуының нақты кепілі. Қазақ тілі қазақтың ғана тілі емес, барша қазақстандықтардың басын біріктіретін ұйымдастырушы тіл, ғылым мен техниканың, мемлекетті басқару мен заң тіліне де айналып келеді. Бүгінгі жиынның маңыздылығын ескеріп, тарихы терең киелі өңірдің төрінде ұйымдастырған білім ордасына алғысымызды білдіреміз, – деді.

Пленарлық отырыста тіл мәселесін қоғам алдында көтеріп жүрген ғалымдар өзекті баяндамалар жасап, қазақ тілінің ғылым тіліне айналу мәселелерін талқылады.

Ш.Құрманбайұлы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі:

– Ғылым тілі – бұл бүгінгі технология ғасырында ұлт тілінің өмір сүруінің қажет боуының, сұранысқа ие болуының жалғыз тегігі ғылым мен технология саласында жұмыс істеуі. Егер, қазақ тілі – ғылым мен технология саласында жұмыс істейтін тілге айналса ондай жұмыс жанданады, өрісі кеңейеді. Қазақ тілінде оқимын, білім аламын, ғылым игеремін дейтін технократтар да, химик те, физик те көбейеді, тілдің қолданысы артады. Сондықта да, бүгінгі ғылыми жиынның күн тәртібі өте өзекті тақырыпқа құрылып отыр. Ал, енді дәстүрге келетін болсақ, Қазақтың ғылыми тілін, ғылыми лексикасын қалыптастыруда дәстүр бар ма дегенге келсек, әрине бар дейміз. Көне түркі дәуірінен

бастап, Әл-Фараби, М.Қашқари, А.Ясауи, Ж.Баласағұни, Ұлықбектен басталып кешегі көне шағатай тілі дәуіріне дейін көп мәселе айтуға болады. Біздің діни ескерткіштер алатын мағлұмат өте мол. Шүкір, олар бүгінгі ғылымда айналымда бар. Біз оның барлығына тоқталып жатпай-ақ, қазіргі қолданыстағы тілдің, негізінен гуманитарлық салада көбірек қолданылып жүрген ғылым тілінің мәселесіне келсек. Бүгінгі ғылым тілінің қалыптасуы XX ғасырдың басынан бастау алады. Алаш кезеңінде қазақтың ғылым тілі, ғылыми ақпараттың тілі осы кезеңнен басталды. Алаш ардақтылары оқулық жазу үрдісі мен оның тілін, терминологияның негіздерін жасап беріп кетті. Осы салада тыңға түрен тартып, жол салып кетті. Алайда, осы жақсы дәстүр олардың қуғындалуына байланысты үзіліп қалды. Тіпті, түп-тамырымен жоюға тырысқаны тарихтан мәлім. Ал, 50-жылдардан бастап еліміздегі (қазақ филологиясынан өзге) барлық ЖОО-да қазақ бөлімдері жабылып, 100 пайызға жақын оқулықтар орыс тілінде жазыла бастады. Осылайша ғылым тілінің дамуының кеңестік кезеңі (тұтас бір дәуір) қазақ тілінде өрісін тоқтатты. Ғылым тілінің 3-ші кезеңі тәуелсіздік жылдарына тән. Алаш кезеңінде жап-жақсы басталған дәстүр үзіліп қалды. Сөйтіп, 70 жыл бойы біздің техникалық саламызда ана тілінде ғылым жасалмады, термин түзілмеді, ғылыми мақала жазылмады. Бұл Ғылым тіліне деген үлкен кедергі, қолдан жасалған тоқырау еді. М.Әуезовтің 1918 жылы семинарияда оқып жүргенде жазған «Абай» журналында «Ғылым тілі» деген мақаласы бар еді. Сол мақаласында автор: «Қазіргі қазақ тілінде оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылмандарша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арабшаға, мұсылман негізіне тартады. Мұсылманша оқыған мұғалім Еуропаның ғылыми тілін білмейді, орысша оқыған учитель мұсылманшаны білмейді. Бұл жік тәртіпті бастауыш мектептердің хәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білгеніне тартатыны мәлім нәрсе», деген еді. Дәл осы картина бүгінгі күні де қайталанып отыр. Бізде дәстүрлі, қазақ тілінде ғылым тілін жасауға ниетті адамдар бар, орыс тілінде білім алғандар, бұрынғы кеңестік ғылыми мектептен тәлім алған аға буын әлі де орыс тілін оң қабылдайды. «Болашақпен» оқып келген, шетел көрген жас буын ағылшын тілін ту етіп, ғылым мен технология тетігі тек осы тілде деп біледі. Сонымен «Аққу», «Шортан» хәм «Шаян» дегендей тілді жоғарыда М.Әуезов айтқандай үш жаққа тартушылық сарыны аңғарылады бүгінгі қоғамда. Біз бір тоқтамға келуіміз керек. Статистикалық мәліметтерге қарасақ, ел мектептеріндегі барлық оқушылардың саны: 3518 664 болса, олардың 2342277-сі (65 пайызы) қазақ тілінде білім алады, ұлттық қазақ балаларының 84 пайызы 2729858 оқушы өз ана тілінде білім алып жатыр. Бірақ, осы балалар мектеп бітірген соң 10-15 пайызы ЖОО-ны орыс тілінде оқуға ықыласты болып, таңдайды екен. Мұның астарында қазақ тілінде оқулық, қазақ тілінде ғылыми база, ғылыми кадрлар жетіспеушілігі деген мәселе жатыр. Сондықтан бұл өте ойланатын мәселе деп ойлаймын.

Қанат Айтбаев, ҚР мәдениет қайраткері:

– Жалпы ұлттың негізін айқындаушы күші, ол – тіл, ал мемлекеттің негізгі біріктіруші күші, ол – мемлекеттік тіл. Жасыратыны жоқ, біздің қоғамымыз қос менталитетті, ал менталитет дәстүр арқылы, тіл арқылы ойға дендеп еніп көзқарасымыздың, өмірлік танымымыздың қалыптасатындығы әмбеге аян. Бізде орыс тілінде оқыған азаматтар бар және қазақ тілінде оқыған азаматтар бар. Әрқайсысының дүниетанымы әртүрлі. Бір мемлекетте екі түрлі көзқарастағы, екі түрлі таным әлеміндегі балалардың өсіп келе жатқаны жасырын емес. Болашақта осы балалар тұтасып, бір көзқарасты, бір тәлім-тәрбиелі азаматтар болып өседі деп ойлаймын. Өйткені жасалып жатқан іс-әрекеттер соған үндейді. Балалар қай мектепте, қай тілде оқығандығына қарамастан біз мемлекетті құраушы ұлт болғандықтан мемлекеттік тіл құраушы ұлттың дәстүр негіздері сабақтарын балабақшадан бастап енгізу қажет. Кішкентайынан аңыз-әңгімелерді, ертегі-жырларды ата-әжелері құлағына сіңіріп өсірген абзал. Көптеген дамыған мемлекеттерде сабақты неміс, жапон т.б. тілі деп емес, мемлекеттік тіл деп оқытып жүргенін біліп жүрміз. Сол секілді біздің елімізде де қазақ тілі сабағы деп емес, мемлекеттік тіл сабағы деп оқытып баланың санасына сіңіретін болсақ, оның ішінде мемлекеттік тіл сабағына қатыспау немесе мемлекеттік тіл сабағынан төмен баға алу, ол – мемлекетке деген құрметсіздік екенін балаға ұғындырсақ, бала кішкентайынан осыны санасына сіңіреп еді деп ойлаймын.



Келесі мәселе – баланың ең еліктейтін әлемі ол контент, кино әлемі, сахна, тик-ток, түрлі әлеуметтік желідегі көптеген дүниелер. Соның барлығы бір жүйеге түсетіндей жұмыстардың атқарылып жатқанын естудеміз. Солардың барлығы түйінделіп, жастарға үлгі-өнеге беретіндей контенттер жасалса, әрбір сөзі саф алтындай салмақты, әрбір сөзі кеңешілердің саптауынан өткен, идеологиялық тұрғыдан балаларға ой салатындай, кейіпкерлері еліктіре алатындай танымдық дүниелерді, киноларды дүниеге әкелсе, соны жасау жолында мемлекет өз бақылауына алатындай механизмдер жүзеге асатын болса нұр үстіне нұр болар еді. Мұны айтуымыздың себебі, өздеріңіз көріп-біліп жүрсіздер, қолынан келген адамның барлығы кино түсіріп кетті. Оның ішіндегі тілі, мәдениеті

ДӘСТҮР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ»

ұятқа қалдыратындай жағдайлар болып жатыр. Ал бұл жастарымыздың өсіп-өркендеуіне әлбетте жақсы әсерін тигізсе қоймасы анық. Өйткені біздің сахнаның, киноның тілі көшеге еліктеп кетті. Көше тек сахнаға еліктеуі, рухани бағдар беретін әдемі кейіпкерлердің тіліне еліктеуі қажет. Бұрындары Шәкен Айманов студиясынан шыққан кинолардағы әрбір сөз жүрегімізде жатталып қалушы еді. Әдемі сөйлеу мәдениеті қашанда маңызды, бүгінде сахнада, сатира, драма саласында жүрген актерлеріміз сөйлеу мәдениетінен алыстап қалғандығы әттеген-ай дегізеді. Бұрындары Мәкіл Құлманбаев, Фарид Шәріпов секілді аға-апаларымыздың әдемі әуезді сөйлеу мәнеріне еліктеп қызығушы едік. Міне, сол саланы нағыз бақылауға алатын сәті келген секілді.

Біздің ұғымымызда қазақтың тілінде диалект жоқ. Солтүстігіміз, оңтүстігіміз, батысымыз, шығысымыз бір-бірін еркін түсінеді. Менің ойымша, қазақ, қырғыз, өзбек, башқұрт, татар т.б. тілдер түркі тілдерінің түрлі тармақтары диалектілері деп қарайтын болсақ, біз кейбір сөз жасамдары жетпейтін тілдерді, сөздерді өзімізге туыстас басқа ұлттардың сөздерінен алып іздеуімізге, бұл табиғаты жағынан сәйкес болғандықтан бізге еркін сінуіне толық мүмкіндік бар дегім келеді. Осы ретте өнер өкілі ретінде өз пікірімді айтқаным үшін, осындай маңызды зор симпозиумды жоғары дәрежеде өткізіп жатқан Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетіне алғыс айта отырып, бүгін республикамыздың түкпір-түкпірінен келіп ерен еңбегі ескеріліп жатқан ғалымдарымыздың жасап жатқан ғылыми еңбектері әлемді шарлап, әлемнің назары қазақтың ғылыми тіліне ауысатын күн тезірек жақындаса деген тілегімді білдіремін.

Симпозиум ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясы ұйымдастыруымен өтті. Екі күнге созылатын басқосуда ғалымдар 6 секция бойынша баяндамалар жасап, пікірлерін ортаға салып, ой-тұжырымдар талқыланды.

Симпозиум ғалымдардың ғылым салаларындағы ұлттық мазмұнның сапасы мен деңгейін бағалау және келешекте даму жолдары туралы ұсыныстарын саралап, тұжырымдап, тиісінше қарарын қабылдап өз мәресіне жетті.

қызмет етері сөзсіз. Түркістанға жан-жақтан келіп түркі дүниесіне бойлап, ұрпақтары түріктік жадын жаңғыртып, ортақ мұраттар жолында топтасып жатса қандай тамаша. Кезінде Мысырдағы Александрия кітапханасынан кейінгі ең үлкен Отырар кітапханасы да осы маңда болғаны белгілі. Түркістанда түрік тарихы мен мәдениетін, ғылымы мен өнеріне қатысты бар дүниені жинақтайтын ірі кітапхана салынса өте жарасымды болар еді.

Бүгінгі симпозиумның Түркістанда өтуінің де жақсы нышан. Көне астанамыз, ең бай кітапханамыз болған тарихы терең жерде басталған іс баянды, жалғасты болуын тілейміз. Ғылым тілінің шешімін таппаған мәселелері аз емес. Ол мәселелер айтып қана қоймай, сатылы, жүйелі жұмыс жүргізілсе шешіледі. Түркістан симпозиумы осы іске біртұтас серпін береді деген үмітіміз.

Әлібек Ескермесұлы, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының Жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің деканы, Математика PhD докторы:

– Мен осы келген сапарымда киелі Түркістан шаһарын бүкіл түркі әлемінің рухани астанасы деген мәртебесіне шын лайық екенін көз жеткізгендей болдым. Арыстанбаб бабамыздың мазарына, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барып тағзым еттім, ерекше сезімде болдым.

Түркістан көрікті, таза, туризмге бағытындағы барлық жағдайлар жасалған, өте әдемі қала болып жадымыда ерекше әсер қалдырды. Әр архитектуралық ғимарат ойластырып салынған, саябақтар, қонақтардың демалу орындары адамға жайлылық сыйлайды. Қаладағы әрбір нысан атауы қазақ тілінде ұтқырлықпен қойылған екен: «Керуен сарай» «Сандық», «Дорба», «Арба», т.б. Барлық жерде қызмет қазақ тілінде жүргізіледі, бұл мені қатты қуантты. Түркістан тұрғындары өздерінің қазаққа тән қонақжайлылығын көрсетті. Бізді қарсы алып, қошеметтерін көрсетіп жатқан Ахмет Ясауи университетінің ұжымына алғысым шексіз. Ұжым жылы жүзбен қарсы алып, шын ілтипаттарын білдіруде.

Байқағаным ауа райы оңтүстікте қандай болса, адамдары да сондай жылы, мейірімді екен.

Келешекте Түркістан қаласының көркейіп, дами беруіне тілектеспін. Қаланы көгалдандыру жұмыстары, құрылыс, жол сапасына, көбірек көңіл бөліне Түркістан бұдан даи көркейіп нағыз Шығыс жауһарына айналары ақиқат.

Ербол Ербаев, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агро-техникалық университеті «Электротехника және автоматика» жоғары мектебінің жетекшісі, PhD, «ЖОО ҮЗДІК ОҚЫТУШЫ – 2023» сыйлығының иегері:

Мен өткен жылдың қорытындысы бойынша «ЖОО ҮЗДІК ОҚЫТУШЫ – 2023» байқауының жеңімпазы атандым. 2022 жылы «Болашақ» бағдарламасымен Белорусияның мемлекеттік аграрлық-техникалық университетінде ттағлымдамадан өттім. Өте қызықты зерттеулерге қол жеткіздім. Әдетте, дәстүр бойынша үздіктерде Астанада министрлікте марапатайтын. Биыл өзгеріс еніпті. Түркістан – тарихи шаһар ғой. Сондықтан ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің байқау жеңімпаздарын осы қалаға шақырып, симпозиум аясында марапттауы да тегін емес шығар. Себебі, осындай көне мекенге жоғары оқу орындарының оқытушыларын жинап, аса маңызды жиын ұйымдастыру – бізге рухани қуат беріп, тын серпіліс сыйлады.

Симпозиум тақырыбы да ауқымды. Әсіресе, ана тіліміздің жай-күйі бәрімізді де бейжай қалдырмайды. Ғылым жолында жүргендіктен, қазақ тілін ғылым тіліне айналдыруға біріге күш салуымыз қажет деген ойдамын.

Өз басым алғашқы Түркістан қаласына алғаш рет аяқ басуым, өте керемет қала екен. Естіген бір басқа, көзбен көру ерекше сезімге бөледі. Қазақтың

осындай тарихи жерлеріне ат басын бұрып, көптеген тарихи деректерден хабардар болдық. Керемет қуанышты, мол әсерлермен Оралыма жол жүргелі тұрмын. Барғы үшін алғыс айтамын!

Айнұр Аманжолқызы, PhD, қауымдастырылған профессор, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің қалыпты физиология кафедрасының доценті:

–Министрдің үздіктер мен степендиаттарды өзге өңірде марапаттағаны өте қатты ұнады, себебі жеке басым Түркістан жеріне 2024 жылдың 10-шы ақпанында өмірімде бірінші рет келгенмін. Осы іс-шараның киелі жер Түркістанда болатындығы жөнінде шақырту хабарламасын алған күні төбем көкке жетті!? Неге, - дейсіз ғой, Аллаһтың қалауымен бір айда екінші рет келуіме себепші. Осы тұста, тағы бір мән беретін бір жәйт, ол менің көптен көкейімде жүрген армандарымның бірі «Тұңғыш докторантураны бітірген шәкіртімнің бұйрығы шыққан күні – киелі Түркістанға қалайда барамын деген болатынымын». Көрсетіңіз бе, қандай сәйкестік және керемет тосын сый мен үшін!

Симпозиум өте жоғарғы деңгейде өтті, бәрі ойдағыдай болды және жылдар бойы еңбектің жемісі бағаланған сәтте физиолог ретінде айтар болсам, өз санамызға, рухани байлығымызға және күнделікті азығымызға сіңіретін пайдалы қазына болды деп санаймын. Әрине, Қазақ тілі – Ғылым тілі болатындығына сенімім мол, оған бірнеше себептер осы Симпозиум барысында дәлдігін көрсетті. Сонымен қатар, өзтілімізді ең алдымен құрметтесек және дәріптесек одан асқан бақыт бар ма?!

Түркістан қаласы – ерекше естелік қалдырды, өзі тұнып тұрған тарихтың мекені оған қоса, ескі қаласы, Қожахмет Ясауи кесенесі – бір әлем, жаңа қаласы – екінші тұсы содан соң Керуен сарай орталығы үшінші бір ғажайып кереметімен сөзсіз таң қалдырды. Дәрігер ретінде, ұққаным сүт өнімі ірі құрылыс өндірістерінің болмауы және таза өнім жемістері денсаулықты бағалауда таптырмас кешендердің бірі! Осының барлығы киелі Түркістанның сиқырлы құндылықтарының бірі десем – сенерлік жәйт!

Бетті дайындаған: Әтіргүл ТӘШІМ



ТҮРКІСТАН – ҚОНАҚТАР КӨЗІМЕН

Шерубай Құрманбайұлы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор:

– Түркістан жылдан-жылға үлкейіп, көркейіп жатыр. Түркістанда тарихи қаламыздың жаңғырып, жаңарып жатқанын көргенде көз қуанып, көңіл марқаяды. Мұнда біздің тарихымыз бен мәдениетіміздің куәсі ғажайып тарихи ескерткіштер Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі тұр. Бұл қасиетті топыраққа қазақтың белгілі хандары, билері мен сұлтандары жерленген. Тайқазан сынды құнды жәдігерлер сақталған. Сондықтан бұл жер барша қазаққа ерекше қастерлі мекен. Қасиетті Түркістанға келген сайын бабалар құдіретін сезініп, рухымыз өсіп қалады. Бүгінгі өтіп жатқан симпозиумға қазақстанның түкпі-түкпірінен 300-ге тарта ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушылары келді. Олардың арасында бұл топыраққа табаны бірінші рет тиіп тұрғандары да аз емес екен. Алған әсерлерін айтып тауыса алмай жатыр. Олар Түркістанды танып қана қоймай, көрген-білгендерін өз аймақтарына айтып жеткізеді. Сол арқылы әлі талай адамның осында келуіне себепкер болады. Бұл қала еліміздің ірі тарихи-мәдени ошағы ретінде туристер көп келетін жерге айналуда тиіс. Сонда Түркістан гүлденген үстіне гүлденіп, өсіп-өркендей түседі. Түрік жұртының орталығы болған бұл қаланың атының өзі көне тарихымыз бен бүгінгімізді жалғап, ел мен жердің кімдікі екенін айғақтап, ұлтымыздың ұлылығын айдай әлемге паш етіп тұр. Ендеше ер түріктің бесігі болған Түркістанның түлеуі, түрленуі бар қазақтың, бүкіл түрік жұртының мерейін өсіреді.

Түркістан бүкіл түркі әлемінің қастерлі мекені болғандықтан бұл қалада түбі бір түрік жұртының тарихы мен мәдениетін насихаттайтын, бауырлас халықтардың жиі бас қосатын жеріне айналса өте жарасымды болар еді. Осы тұрғыдан келгенде Ахмет Ясауи университеті жанынан қазақ пен түрік тілдерінен өзге де оғыз, құрлық, қыпшақ тобына жататын тілдерді оқытатын бөлімшелер ашылса тамаша болар еді. Мәселен, алдымен қарақалпақ, башқұрт, татар, әзірбайжан, өзбек тілдерін тілдерін оқытатын шағын бөлімдерден басталса, бара-бара ауқымын кеңейтуге болар еді. Мұндай қадамдар түркі әлемінің тұтасына, туыстас жұрттардың мәдени-ғылыми ынтымақтастығының нығайтуға

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ'NDE ÇANAKKALE ZAFERİ'NİN 109. YILI KUTLANDI

Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde, milli şuurun ve heyecanın doruk noktasına ulaştığı bir etkinlikle, Türk Milleti'nin tarihindeki en büyük zaferlerden biri olan Çanakkale Zaferi'nin 109. yılını coşkuyla kutlandı. Üniversite öğrencileri ve akademisyenleri, Anafartalar Kahramanı Mustafa Kemal başta olmak üzere, Çanakkale Destanı'nın isimsiz kahramanlarını minnetle anmak için bir araya geldi.



«Genç Diplomatlar için Seminer» Projesi Kapsamında İtalyan Akademisyen Prof. Dr. Andrea Menegatti Tarafından Seminer Düzenlendi

Siyaset bilimi ve yerel yönetim alanlarında uzman ve «Batı Afrika'da İslam: Genç Afrika Demokrasisinde Sufizm ve Fundamentalizm» kitabının yazarı olan Sn. Menegatti, İktisat Fakültesi ile Hukuk Fakültesi lisans ve yüksek lisans öğrencilerine yönelik «İtalyan Yerel İdareler Diplomasisi» konulu seminer düzenledi.

Seminerde, İtalya'nın Avrupa Birliği'ndeki yeri ve rolü, İtalya ve AB ülkelerinde demokrasi ve insan haklarının kalkınma sürecine geniş bir şekilde ışık tuttu. Öğretim üyesi İtalyan üniversitelerindeki araştırma deneyimini ve araştırma yöntemlerini paylaştı. İtalya'yı diğer Avrupa ülkeleriyle karşılaştıran Profesör, devletin dış politikası hakkında kapsamlı bir analiz sundu.

Buna ek olarak, İtalyan yerel yönetim organlarının özellikleri ve onların hükümet organlarıyla olan ilişkilerinin yanı sıra uluslararası ilişkiler kurma yöntemlerine de değindi.



Yenilenme Gününde Üniversitemizde Ağaç Dikimi Gerçekleştirildi



Bugün üniversitemiz yönetim kadrosu ve fakülte dekanları ile öğrencilerimiz 40 ağaç dikti. 19 Mart - Yenilenme Günün'nde doğayı koruma ve çevreye katkı sağlamak için tören düzenlendi.

Üniversitemiz rektörü Zhanar Temirbekova ve Rektör Vekili Prof. Dr. Peyami Battal başkanlığındaki heyet tarafından dikim ve ilk sulama işlemleri gerçekleştirildi.

Üniversitemiz Mezunlar Derneği Tarafından Liderlik Semineri Düzenlendi

Kazakistan Rekabet Politikasını Geliştirme ve Koruma Merkezi Başkanı, Atameken NCP Rekabet Konseyi üyesi, Rekabet ve Kalkınma Ajansı Kamu Meclisi üyesi, K. Aldaş Aitzhanov Turdykululy katılımıyla düzenlenen seminerde İktisat, Yönetim ve Hukuk bölümleri öğrencilerine yönelik bilgiler verildi.

Etkinlik sonunda misafirimiz Aldaş Aitzhanov'a üniversitemizden ödül verildi.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ İLE KIRGIZISTAN MANAS ÜNİVERSİTESİ ARASINDA İŞ BİRLİĞİ ANLAŞMASI İMZALANDI



Üniversitemiz Rektörü Dr. Zhanar Temirbekova, Kirgizistan Manas Türk-Kırgız Üniversitesine yaptığı özel ziyarette, Prof. Dr. Alpaslan Ceylan ile iş birliği anlaşması imzaladı.

Zhanar Temirbekova, «Yenilenen iş birliği anlaşması yeni projelerin hayata geçirilmesinin önünü açacaktır ve iki üniversite artık Türk dünyası ve insanlığa fayda sağlayacak birçok modern ortak projeye imza atacaktır.» dedi.

Manas Üniversitesi Rektörü Alpaslan Ceylan, Ahmet Yesevi Üniversitesi ve Manas Üniversitesi'nin Türk dünyasında bilim insanlarına en çok yatırım yapan yükseköğretim kurumları arasında olduğunu vurguladı.

Ayrıca Alpaslan Ceylan, iki üniversitenin iş birliğinden kaynaklanan sinerjinin Türk dünyasının birliğine ve yüksek öğrenim sisteminin gelişmesine hizmet edeceğini ve Türk dünyası gençlerinin en iyi eğitimi almasını sağlayacağını söyledi.

Saken Bibosynov İtalya'da Yapılan Seçmelerde 2024 Paris Olimpiyatlarına Katılmaya Hak Kazandı

2020 Tokyo Olimpiyatlarında boks branşında bronz madalya kazanan öğrencimiz Boksör Saken Bibosynov İtalya'da yapılan seçmelerde 2024 Paris Olimpiyatlarına katılmaya hak kazandı. Öğrencimizi tebrik ediyor, başarılarının devamını diliyoruz.



МЕРЕКЕ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

«Түркістан қаласының Құрметті азаматы» атанды

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған жиында Түркістан қалалық мәслихатының шешімімен университетіміздің профессорлары Серікбай Ыдырыс пен Сейдулла Садықовқа «Түркістан қаласының Құрметті азаматы» атағы салтанатты түрде табыс етілді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, «Түркі әлемінің үздік педагогы», «Қазақстанның құрметті азаматы» Сейдулла Садықов - Ахмет Ясауи университетінде «Журналистика» кафедрасының негізін қалаушылардың бірі.



Менеджмент және туризм кафедрасының профессоры, э.ғ.д Ыдырыс Серікбай Садуақасұлы – 20 жылға жуық уақыттан бері университетімізде қызмет атқарып, ғұмыр жолын экономика ғылымының дамуына арнаған, мемлекет мүддесі үшін сапалы қызмет етер қаншама маман тәрбиелеп, білім берген ұстаз.

Марапат алған қос профессор да университетімізде жылдар бойы қызмет атқарып, еліміздің журналистика мен экономика ғылым саласы бойынша кадрлар даярлауға елеулі үлес қосқан тұлғалар. Бүгінгі жиынның негізгі мақсаты – мерейтой иесін құттықтау, оның өмір мен ғылымдағы жолын жастарға үлгі ретінде көрсету. Елеулі еңбектеріңіз лайықты бағасын ала берсін дей отырып, қос ғалымға шығармашылық табыс тілейміз!

Университет ұжымы

СЫЛАНЫП
КӨКТЕМ
САЛТАНАТ
ҚҰРДЫ

Жер-ана киіп жасыл көйлегін,
Сыланып көктем салтанат құрды.
Күн көктем шуақ шашып елге мың,
Шаттық әнге сап шартарап түрлі.
Қалың тоң жібіп түрленіп топырақ,
Тірліктің жаңа лебі еседі,
Бәйшешек біткен бүр жарып қабат,
Өңменімнен жел өбіп өтеді.
Наурызды күтіп назын айтуға,
Табиғат түгел тына қалғандай.
Оралып тырна, қазы қайтуды,
Саңқылдап саулық сұраған жандай.
Жас баладай боп ағыл да тегіл
Төкті де жаңбыр тына қалады.
Сан түстен алқа тағынған небір,
Кемпірқосақ кеп тұра қалады.
Жауқазын өскен қыратты кезіп,
Жан-көктемімді іздесем деймін.
Сан сүрінсем де жылап түзеліп,
Үр көктемнен үміт үзбесем деймін.
Шоқ гүлін бір сәт құшаққа қысып,
Бойжеткен жүзі бал-бұл жанады.
Поездың үні құлаққа тұрып,
Сүйгенін артта қалдырды ау әні.
Әскерден күтер аяулы жаннан,
Көгершін хаттар алып тұрғайсың.
Санасын сақтап баяу тұманнан,
Тәңірім аман қауыштырғайсың.
Талғампаз жүрек тым өкінбегін,
Инжу-маржандай іздеген теңін.
Көктемнен хабар күтетіндердің,
Күдерін алла үзбе дер едім

Жәудір БЕЙСЕНБАЙ

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

Наурыз – табиғаттың қайта түлеп, тіршілік атаулының жаңаратын кезі. Сан ғасырлық тарихы бар Ұлыстың ұлы күні Орта Азия халықтарының Жаңа жылы саналады.

Наурыз сөзі парсы тілінен аударғанда "жаңа күн" деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқы Наурыз мейрамын күн мен түн теңесетін, жаңа жылдың басталар шағында тойлаған.



Ұлыстың ұлы күнін "Армысың, Әз Наурыз" деп қарсы алған. 21 наурызда Жер иесі – Қыдыр ата ел-елді аралап, бақыт сыйлайды, бата береді деген наным-сенім бар.

Наурыз қазақ жерінде сан ғасырлардан бері тойланып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатса да, Кеңес үкіметі бұл мерекені "діни мейрам" деп танып, 1926 жылы ресми түрде тойлауға үзілді-кесілді тыйым салды. Көктемнің шуақты мейрамы салт-дәстүрді берік ұстанған қазақ отбасыларында ғана жасырын түрде аталып өтті. Осылайша қазақ жерінде 62 жыл бойы ұмыт болған Наурыз мейрамы 1988 жылы қайта жаңғырды.

Қазақстанның батысында Наурыз мерекесі 14 наурыздан басталады және "Амал" немесе "Көрісу" деп аталады. Халық қыстан аман-есен шыққанына қуанып, бір-бірімен төс қағыстырып, құшақтасып амандасады. Жақсы тілектер айтып, жастар жағы үлкендерге сәлем бере барып, батасын алады. Көрісу мейрамы бір күннің аясымен шектеліп қалмайды, жыл бойы жалғаса береді.

Наурыз мейрамын қалай тойлайды?

"Наурызда Самарқанның көк тасы да жібиді" деген сөздің астарында үлкен мән жатыр. Наурыз тек күн мен түн теңесіп, тіршілік атаулыға жан бітетін мейрам емес. Бұл бірлік пен еңбектің, мейірімділік пен ізгіліктің, достық пен татулықтың мерекесі. Наурыз мейрамында бұрын ренжісіп жүргендер өкпе-ренішін ұмытып, татуласады, бір-біріне кешіріммен қарайды. Таң атысымен бір-бірінің үйіне кіріп, құтты болсын айтады, үйлерінің алдын, аулаларын кір-қоқыстан тазартып, ағаш отырғызады, гүл егеді. Әр жерде көкпар, қыз қуу, қазақ күресі секілді ұлттық ойындардан жарыс ұйымдастырылады, ән шырқалады, би биленеді, қыз-жігіттер алтыбақан тебеді.

Ауыл ақсақалдары араздасып қалған бауырлас ел, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып табыстырған, жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Қараусыз қалған кембағал жандарды жақын туыстарының қарауына берген. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген.

Сонымен қатар, міндетті түрде Наурыз мейрамының дәстүрлі тағамы – Наурыз көже дайындалады. Наурыз көжеге ең кемі жеті түрлі дәм қосылады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді.



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа және PR орталығы

Тілшілер: журналистика мамандығының студенттері

Фото мамандары: Нахып ШЫНТЕМІРОВ, Серікболсын ШЕРІ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru